

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «№11 қалалық емхана» МКК

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
талдамалық

АНЫҚТАМА

Шымкент қаласы

21 маусым 2023 жыл

1. Кіріспе

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі- Ішкі талдау) жүргізуге негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс- шаралар жоспарының 116-тармағы;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы №12 Бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы №975 қаулысы негізінде;

Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «№11 қалалық емхана» МКК-ның 2022 жылғы 26мамырдағы № 106-н/қСыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы Бұйрығымен құрылған жұмысшы тобымен жүргізген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау.

2. Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының мүшелері:

Жұмысшы топ жетекшісі- бас дәрігердің емдеу жөніндегі орынбасары- Ибрагимов М., Жұмысшы топ құрамы- бас есепші – Ө.Үкібай., кадр жөніндегі инспектор-М.Искакова., Заңгер - Е.Абдухалик.

3. Ішкі талдау жүргізу мерзімі.

05 қаңтарынан-21 маусым аралығы.

4. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау.

Кәсіпорын басшылығы мен қызметкерлері тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

КӘСІПОРЫНҒА ҚАТЫСТЫ.

Кадр істері және қабылдау бөлімі.

Мекеменің штат кестесі 320 қызметкер.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Емханада шығарылған бұйрық, анықтама, акт, хат рәсімдеулерінде талаптардың барлығы толықтай сақталған.

Емхана бас дәрігерімен 2023 жылдың 1 қаңтарынан 21 маусым аралығындағы 6 ай көлемінде жеке құрам бойынша - 432, негізгі қызмет бойынша 52 бұйрық шығарылған.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

Ішкі талдау жүргізілген уақыт аралығында 30 жұмыскер жұмысқа қабылданған, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлер - 2 және 34 - қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылған, 00 қызметкер іштей ауыстырылған.

Жұмысқа қабылдау сәтінде:

Қызметкерлерді жұмыстан шығару сәтінде құқықбұзушылықтар және сыбайлас жемқорлықтар анықталмады.

Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқықбұзушылықтар анықталмады.

Жұмыстан жұмыс берушінің бастамасымен шығарылған қызметкерлер туралы:

Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу жағдайлары 0 қызметкер.

xx

Ішкі талдау жүргізген мерзім аралығында оқу семинарына барып, білімін жетілдірген қызметкерлер саны - 76.

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер:

Жоғарыда көрсетілген мерзім аралығында көрсетілген тәртіптік шаралар: қатаң сөгіс, сөгіс, ескерту жалпы саны 55 қызметкер. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан шығарылғандар жоқ. Тәртіптік жаза бойынша түсініктемелер алынған. Бұрын сыбайлас жемқорлық бойынша

құқықбұзушылық жасаған немесе қылмыстық іс бойынша жазаға тартылған азаматтарды жұмысқа қабылдау фактілері жоқ, себебі жұмысқа орналасу барысында сотты болмағаны жөнінде анықтама тапсырылады. Және де әрбір бос жұмыс орнына Епбек.kz порталына жариялау арқылы келген азаматтарды, жұмыспен қамтудың жолдамасы арқылы қабылданады.

Қабылдау бөліміне келетін болсақ қызметкерлерге берілген анықтамалар саны-43, мекемеге келген кіріс хаттар саны- 30, мекемеден шыққан шығыс хаттар саны-537. Барлық келген хаттар мен тапсырмаларға өз уақытда жауап беріліп, тіркеліп отырған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Автоматтандырылған тестілеу жүйесінің болмауына байланысты үміткердің тестілеуге жауапты қызметкерлермен тікелей байланысу мүмкіндігі, әнгімелесу және тестілеу рәсімдері бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ конкурстық комиссиялардың болуы кандидаттарды іріктеу кезінде ашықтықтың, объективтіліктің және заңдылықтың дәлелі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды құралы болып табылады.

Емханада орта буын медициналық персонал: жұмысқа көптеп орналасуы ағымдағы жылы ДСБ бұйрығына сәйкес №14 емдеу орталығына кеткен мектеп тердің емханаға қайта келуіне байланысты ауысулар орын алған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

1. Кіші персоналдардың жалақысын көтеру туралы ұсыныс беру;
2. Кандидаттарды іріктеу кезінде сұхбаттасу және тестілеу процедураларын қосымша жүргізу;
3. Жұмысқа қабылдау барысында квалификациялық сәйкестіктерді қадағалау;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 14 бабын қатаң ұстауға.

1. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Кәсіпорын қызметіне зиян келтіру мүмкін мүдделер қақтығысына байланысты төмендегі мәселелер бойынша заң бұзушылықтар анықталмады:

-Емханада қызметкерлердің материалдық мүддесін, жақын туыстарының, жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты;

-кәсіпорында шешім қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету;

-егер ҚР-ның заңнамасына өзгеше көзделмесе, өзінің мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларын орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметтер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау бойынша;

-мекемедегі мүліктерді пайдалана отырып заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру.

3. ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру:

Емхананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары 2022 жылдың 20 мамырда бекітілген. Және де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары, сыбайлас жемқорлыққа, заңсыз сыйақы төлеуге және коммерциялық пара алуға қарсы күрес жөніндегі Нұсқаулығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, Әдеп және қызметтік мінез-құлық Кодексі, мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу жөніндегі саясаты, сыбайлас жемқорлық және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлау журналы, Нұсқаулықпен таныстыру журналын бекітіп, толықтай жұмыстар жүргізілуде. Кәсіпорын қызметкерлері Нұсқаулықпен толықтай таныстырылды.

4.БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП БОЙЫНША:

Ішкі талдау жүргізу уақыты аралығында емхана қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы көтермелеу, іссапар шығындары уақытылы, өз дәрежесінде төленген. Осы мәселелер бойынша шағым-арыздар жоқ. Бюджет пен қаржыны игеру және бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Еңбек ақы төлеу, емдеуге арналған жәрдемақы, әлеуметтік салық, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті сақтандыруға жарналар, мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша төлемдер, отын, жаңар-жағар май материалдарын сатып алу, өзге де қорларды сатып алу, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу, басқа да ағымдағы шығындар спецификалары бойынша бөлінген қаржылар талан-таражға түспей аударылып отырған. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

5. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ.

Мемлекеттік сатып алу платформасында мекеме «Тапсырып беруші» ретінде тіркелген. Қамтылған уақыт аралығында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес «Тапсырыс беруші» ретінде сатып алулар жүргізілген, оның ішінде:

- ашық конкурс тәсілімен-7 сатып алу;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен-24 сатып алу;
- бір көзден сатып алу тәсілімен- 16сатып алу;

Барлық келісім- шарттар заңнамада белгіленген мерзімде түзілген, мемлекеттік сатып алу туралы түзілген келісім-шарттарда көрсетілген мерзімдеріне сәйкес, олардың орындалулары қатаң түрде бақылануда.

Тапсырыс берушілер тарапынан шарттық міндеттемелерді бұзу фактілері анықталмаған. Орындалған шарттар бойынша тауар жеткізілгеннен кейін төлемдер уақтылы, яғни, 30 күнтізбелік күн ішінде, аударылады.

Аталған үлгілік шартқа өзгеріс енгізу мүмкін емес.

Сондықтан, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін алдын ала жою бойынша ұсынымдар:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 04 маусымдағы №375 қаулысы бойынша «№11 Қалалық емхананың»тендерлік комиссиясына оқу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады;
2. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді тендерлік комиссия аудио - және бейнетіркеуді қолдануды ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Вэб-порталында көрсетілген келісім - шарттар бойынша ішкі талдау жұмысы жүргізу барысында.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап маусым айына дейін 47 Келісім – шарт жасасқан, олардың ішінде 31 орындалған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша құқық бұзушылық анықталмады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін алдын алу турлы ұсынымдар:

1. Мемлекеттік сатып алу Вэб-порталы арқылы берілген конкурс жүргізуге хабарлама беру алдында, берілген тауар/қызмет бағаларымен Кәсіпорын комплаенс – офицерінің келісімімен орындауды;

2. Қағаз жүзінде жасалынған Келісім – шарттарды журналға тіркеп, шарт нөмерін беріп жүргізу;

Бөлімшелерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау туралы:

Кәсіпорынның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша талдау жүргізу кезінде дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторлар.

Нәтижесінде дискрециялық өкілеттіктер анықталмады, соның ішінде:

- лауазымды тұлғалардың шешімдер қабылдауы үшін болмауы немесе айқындылығы;
- лауазымды тұлғаның бірнеше шешім қабылдау немесе шешім қабылдаудан бас тарту мүмкіндігі;
- қабылданған басқарушылық шешімді ынталандыру міндетінің болмауы;
- шешім қабылдаудың белгілі бір мерзімдерінің болмауы;
- лауазымды адамның уәжді негіздерсіз белгіленген мерзімді өз қалауы бойынша ұзарту немесе қысқарту мүмкіндігі;
- лауазымды тұлғаның өз қалауы бойынша жеке және заңды тұлғалармен құқықтық қатынастардың туындауына, олардың тиісті уәждемесіз өзгеруіне немесе тоқтатылуына бастамашылық жасау мүмкіндігі;
- лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін қайталау;
- өз қалауы бойынша заңнаманы орындамағаны үшін жауапкершіліктің түрі мен мөлшерін анықтау мүмкіндігі;
- лауазымды тұлғаның құзыреті шеңберінде шешім қабылдау үшін тізбеде көзделмеген қосымша құжаттарды сұрату мүмкіндігі.

Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында лауазымды тұлға міндетінің орнына құқық белгілеу бөлігінде, сондай-ақ адамға тиесілі құқықтарды, артық әкімшілік кедергілерді іске асыру үшін қойылатын талаптардың жоғары болуы, функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындамау анықталған жоқ.

Емханабөлімдерінің біліктілік талаптарында айқындалған нормативтік-құқықтық актілерімен және құқықтық актілердің арасында сыбайлас жемқорлық және бұзушылық жасауға ықпал ететін өзінің қалауы бойынша шешім қабылдайтын өкілеттік пен нормалар анықталмады.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу бойынша қызметкерлердің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

туралы Заңына сәйкес, заң бұзушылықтарды болдырмау және Әдеп Кодексінің талаптарын сақтау бойынша 3 сабақ өткізіліп, Кәсіпорын қызметкерлеріне ескертпелермен таныстырылды. Әдеп Кодексінің талаптарын сақтау және мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында қызметкерлермен жиналыс өткізілді.

Сонымен қатар, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№11 Қалалық емхананың» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (ары қарай – Кәсіпорын), 2023 жылғы 31 наурыздағы бекітілген «2023 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Ереже Байқау кеңесімен бекітіліп» 2021 жылы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «№11 Қалалық емханасында» мемлекеттік кәсіпорындарында комплаенс офицер қызметі құрылған болатын.

Комплаенс офицер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына (әрі қарай – Заң) сәйкес, квазимемлекеттік субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шараларды қабылдайды.

Кәсіпорының орналасқан жері Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Онтустик мкр. 8/1 ғимаратының кіре – берісінің 1-кабатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған үгіт материалдар және «Сенім телефонының» нөмірлері көрсетілген.

Кәсіпорынға «Е-Өтініш» бойынша арыз-шағымдар түскен жоқ, жыл басынан бері 1- сұрау түскен жауапты мамандар уақытылы нақты жауап берген.

«DR Jardem 109» бойынша жыл басынан бері 4-арыз-шағымдар түскен жауапты мамандар уақытылы сапалы жауап берген, емделушілермен кері байланыс жасалған.

«AIKEY FMS CRM 1406» бойынша жыл басынан бері 5- арыз-шағымдар түскен жауапты мамандар уақытылы сапалы жауап берген, емделушілермен кері байланыс жасалған.

Қорытынды.

2023 жылда Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша құқық бұзушылық анықталмады.




Ұсынады:

1. Емқана қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі», Әдеп кодексі, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі

туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары бойынша түсіндірме жұмыстарын әрі қарай жүргізу.

2. Емхана қызметшілері арасында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, сыбайлас жемқорлықтың алдыналу және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерді, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында талаптарын бұзудың алдын-алу мақсатында оқыту жұмыстарын жалғастыру.

Жұмыс тобының жетешісі:
бас дәрігердің емдеу ісі
жөніндегі орынбасары-






М.Ибрагимов

Бас есепші –
Кадр жөніндегі инспекторы -

Ө.Үкібай
М.Искакова

Заңгер -



Е.А.Абдухалик